



ТУҒРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№4
(2383)
Сенбі
17 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ, СУДЫ ҮНЕМДЕЙТІН ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту, суды үнемдейтін және цифрлық технологияларды енгізу мәселесі қаралып, тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

-Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында 2025 жылдың соңына дейін халықты 100 пайыз таза ауыз сумен қамтуды тапсырды. Осы орайда, өткен жылы ауданымызда жалпы құны 1,5 млрд. теңге болатын 4 жоба жүзеге асырылып, «Шөкен», «Сарбұлақ», «Шилі» және «Шитүбек» елді мекендері орталықтандырылған ауыз су желісіне қосылды. Нәтижесінде аудан тұрғындары 100 пайыз таза ауыз суға қол жеткізді. Ендігі мақсат – тұрғындарға ауыз суды сапалы әрі тұрақты беру. Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтуда ешқандай мәселе болмауы тиіс, - деді аудан басшысы.

Мәжілісте аудан әкімі аудан



көлеміндегі барлық су нысандарына мониторинг жүргізу, су құдықтарының ашық жатуын болдырмау, тұрғындарға берілетін ауыз судың сапасына аса мән беру, Әйтеке би кентіндегі кәріз желілері мен сүзгі алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге тиісті шара қабылдау жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Жиында Президент Жолдауы

ында көрсетілген агроөнеркәсіп кешеніне су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесіде қаралды.

Аудан әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес егін шаруашылықтарына су үнемдеу технологияларын енгізу аса маңызды екенін атап өтті. Осы орайда, су тапшылығы жағдайында өнімділікті төмендетпудің бір жолы – егіс алқаптарын

өртаптаңдыру екенін айтты. Алдағы вегетациялық кезеңге дайындықты қазірден бастап, көктемгі дала жұмыстарына қажетті тұқым, тыңайтқыш және техниканы толықтай әзірлеу қажеттігін ескертті. Су көздерін тиімді пайдалану, көктемгі су алу науқаны басталғанға дейін су шаруашылығы нысандарын жөндеу жұмыстарын толық аяқтау, арналарды тазалау, су шаруашылығы нысандары мен насос қондырғыларының дайындығын толық қамтамасыз ету мәселелері де күн тәртібінен түспеуі тиіс екенін атап өтті. Ал, ауыл шаруашылығы құрылымдарының өткен жылдың егістігіне пайдаланылған суына қарызын өтеу бойынша жұмыстарды үйлестіру керектігін айтты. Аталған мәселелер бойынша аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі ауылдық округтермен және тиісті мекемелермен бірлесе отырып, белгіленген жұмыстарды тиянақты жүргізуді тапсырды.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» АЯСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ – НАҚТЫ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие алып, кәсібін дамытып отырған кәсіпкерлермен кездесіп, жұмыс нысандарын аралады.

Алдымен аудан басшысы 2023 жылы бағдарлама аясында несие алып, кәсібін бастаған жеке кәсіпкер Толқын Бижанованың «Кондитерлік өнімдер»

шығаратын цехына барды. Жеке кәсіпкер «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 6509000 теңге несие алып, бүгінде аудан тұрғындарын кондитерлік өнімдермен қамтамасыз етуде. Цехта 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аудан басшысы мұнан бөлек фаст фуд өнімдерін өндіру, темір бұйымдарын шығару, пластик бөтелкелер дайындау, автокөлік жөндеу,



кондитерлік өнімдер шығару бағытында жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлердің жұмысын көріп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Бүгінде әрбір нысанда 3-4 адамнан тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аудан әкімі кәсіпкерлермен кездесу барысында атқарып жатқан жұмыстарына оң бағасын беріп, тұрғындардың өз кәсібін ашуға деген белсенділігін

ерекше атап өтті.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының басты мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттырып, кәсіпкерлікке бейімді азаматтарға нақты қолдау көрсету екенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Сондай-ақ, кәсіп иелеріне өнім сапасын арттырып, кәсібін одан

әрі кеңейту қажеттігін айтып, жергілікті жерден өнім шығарып, жаңа жұмыс орындарын ашуға шақырды.

Өз кезегінде кәсіпкерлер мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауларға ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта кәсібін кеңейтудегі жоспарларымен бөлісті.

Мұндай қолдаулар тұрғындардың өз кәсібін ашуға деген сенімін арттырып, аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына үлкен серпін беретіні сөзсіз. Елімізде 2023 жылдан бастап «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асқалы бері бағдарлама аясында 170-тен астам азамат өз ісін бастап, аудан экономикасының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ОРТАҚ МІНДЕТ» АТТЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС

Қазалы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес «Заң мен тәртіп» қағидатымен заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, жастармен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында атқарылған профилактикалық іс-шараларды қортындылап, алдағы жұмыстарды жоспарлау мақсатында кеңейтілген мәжіліс өтті.

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжіліске аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, аудандық мәслихаттың депутаттары, мекемелер мен кәсіпорындарының басшылары, қала, кент және ауылдық округтердің әкімдері, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер кеңесі және әйелдер кеңесінің төрағалары, ата-аналар комитетінің өкілдері, аудандағы білім беру ұйымдарының басшылары мен ұстаздар қатысты.

Кеңейтілген мәжілісте аудан басшысы алдымен аудан көлеміндегі құқық бұзушылықтардың, оның ішінде жасөспірімдер арасында тіркелетін құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға бағытталған жұмыстарға тоқталды.



рымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен Тәртіп», қолмен істегенді мойынмен көтеру қағидаттары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарларымызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ» деп баршамызға жаңа міндеттер жүктеген болатын. Бүгінгі таңда елімізде Мемлекет басшысынан бастап азаматтардың арасында түрлі құқықбұзушылықтардың алдын алуға, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, балаларға сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беру бағытында, жалпы ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін түрлі шаралар қабылданауда. Осының негізінде өткен аптада аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының төрағалығымен «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты кеңейтілген мәжіліс өтті. Облыс орталығында

шысы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты бірқатар нақты тапсырмалар берді. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, алдағы уақытта Өздеріңізбен бірлесіп ауқымды жұмыстар атқаратын боламыз, - деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Кеңейтілген мәжілісте аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы, аудан прокурорының орынбасары Биқожа Жұмаш Президентіміздің тапсырмасына сәйкес «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында прокуратура органдарымен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыстар жайында, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов аудан көлеміндегі қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарылып жатқан шаралар және аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов білім беру ұйымдарында сапалы білім мен саналы тәрбие беру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы атқарылатын шаралар туралы баяндады.

Жиында білім саласының ардагері, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Серік Қуанышбаев пен ҚР Мәдениет саласының үздігі Болат Жолтаев, ардагер ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі Ләззат Ізбасқанова бала тәрбиесі, қоғамдық тәртіп, отбасы құндылықтары, отбасындағы балаға тәрбие берудегі ата-

ананың рөлі жайында сөз қозғап, ұрпақ тәрбиесіне қатысты өз ақыл-кеңестері мен ұсыныстарын жеткізді.

Баяндамашылардан кейін аудан прокуроры Мадияр Бекпанов сөз алып, аудандағы түрлі қылмыспен құқықбұзушылықтардың, жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау деректерін төмендету бағытындағы жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Мәжілісті қортындылаған аудан әкімі қоғамда «Заң



мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, барлық білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алуда кешенді жоспардың әзірленіп және оның орындалуын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтарды жұмыспен қамтуда әділеттік пен ашықтықты қамтамасыз ету, барлық қала, кент және ауылдық округтер бойынша жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға байланысты әкімдер, мектеп директорлары, учаскелік полиция инспекторлары, ардагерлер, әйелдер және қоғамдастық мүшелері, белсенді жастар мен жоғарғы сынып оқушылары мен олардың ата-аналарының қатысуымен арнайы жиын өткізіп, түнгі рейдтік шаралардың жұмысын күшейту, ата-аналармен тығыз байланыста болу және өзге де өзекті мәселелер жөнінде тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі



-Жуық арада ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан» газетіне берген сұхбатында: «Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жариялады. Бұл азаматта-

өткен жиынға Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары қатысып, мәжілісте аймақ бас-

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС – АУЫЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазақ үшін ауыл – елдік пен еңбектің, тарих пен тағылымның алтын бесігі. Туған топыраққа адал қызмет ету – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан қасиетті парыз. Ауылдың өсіп-өркендеуі ең алдымен сол елдің тынысын терең түсінетін, жауапкершілікті сезінетін азаматтардың тынымсыз еңбегіне тікелей байланысты.

Тарихы терең, берекесі мен бірлігі бекем «Майдакөл» ауылдық округінде 2025 жыл нәтижелі істерімен есте қалды. Өткен кезеңде әлеуметтік саланы қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту, ауыл шаруашылығын дамыту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды. Бұл бастамалардың барлығы тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, ауылдың тұрақты дамуына негіз қалады.

Осы орайда, 2025 жылы «Майдакөл» ауылдық округінде жүзеге асқан жұмыстардың қортындысы, қол жеткізілген нәтижелер мен алдағы кезеңге қойылған міндеттер туралы округ әкімімен сұхбаттасқан едік.

– Қонысбек Кітабияұлы, алдымен 2025 жыл «Майдакөл» ауылдық округі үшін қандай жетістік әкелді деп бағалар едіңіз?

– 2025 жыл «Майдакөл» ауылдық округі үшін табысты, нақты істермен есте қалған жыл болды деп нық айта аламын. Жыл басында жоспарланған жұмыстардың басымы бөлігі орындалып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Басты мақсатымыз – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік қолдауды күшейту. Осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді.

– Округтің әлеуметтік-экономикалық ахуалына тоқталсаңыз. Халық саны мен бюджет көрсеткіштері қандай деңгейде?

– Бүгінде «Майдакөл» ауылдық округінде 2 752 тұрғын бар. Бұл – біздің басты байлығымыз. Бюджет мәселесіне келсек, 2025 жылы кіріс бөлігінің жылдық жоспары 123 080,0 мың теңге болса, нақты 126 856,6 мың

теңге түсіп, жоспар 103,1 пайызға орындалды.

Өз кірістеріміздің жылдық жоспары 11 503 мың теңге болса, нақты 15 279,4 мың теңге түсіп, 132,8 пайызға орындалды. Бұл – салық базасын кеңейту, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстардың нәтижесі. Ал, шығыс бөлігі 99,7 пайызға игеріліп, бөлінген қаражат толықтай ауыл игілігіне жұмсалды.

– Халықпен кері байланыс қалай жолға қойылған? Тұрғындардың өтініштері назардан тыс қалмай ма?

– Халықпен ашық әрі тұрақты байланыс – біздің жұмысымыздың негізгі қағидаты. Жыл ішінде жеке және заңды тұлғалардан 6 өтініш түсіп, барлығына заң аясында нақты жауаптар берілді. Сонымен қатар, 12 рет жеке қабылдау өткізілді. Тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескерусіз қалған жоқ, мүмкіндігінше шешу жолдары қарастырылды.

– Әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту бағытында қандай жұмыстар атқарылды?

– 2025 жылдың 1 тоқсанында аз қамтамасыз етілген 2 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Жұмыспен қамту бағытында нақты нәтижелер бар: 30 адам тұрақты жұмысқа, 15 адам ақылы қоғамдық

– Білім саласындағы жетістіктерге тоқталсақ. №24 мектептің көрсеткіштері қандай?

– Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаев атындағы №24 мектеп – ауылымыздың білім ордасы. Мектепте 440 оқушы білім алуда, мектепалды даярлық тобында 38 бала тәрбиеленуде. 77 педагог қызмет етеді.

2024–2025 оқу жылында 36 түлек мектеп бітіріп, оның 32-сі ҰБТ тапсырды. Қатысу көрсеткіші – 88,8 пайыз. Орташа балл – 86. 100 балдан жоғары нәтиже көрсеткен 9 оқушы бар.

5 оқушы «Алтын белгі», 4 оқушы үздік аттестат иегері атанды. 22 түлек мемлекеттік грантқа ие болды. Бұл – ұстаздар еңбегінің нақты жемісі.

– Денсаулық сақтау саласында қандай өзгерістер болды?

– Бекарыстан би амбулаториясының ғимараты толықтай күрделі жөндеуден өтті. Жылыту жүйесі ауыстырылып, ішкі-сыртқы жөндеу, абаттандыру, жарықтандыру, қоршау жұмыстары жүргізілді. Бұл тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

– Мәдениет пен спорт саласы да ауыл өмірінде маңызды. Бұл бағытта не айтасыз?

– Мәдениет саласында 36 мәдени-көпшілік



волейболдан жарыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Бекарыстан би аулында спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде.

– Кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығындағы ахуал қандай?

– Округте 129 кәсіпкер тіркелген. 2025 жылы мемлекеттік бағдарламалар арқылы 23 жоба қаржыландырылып, жалпы сомасы 91,6 млн теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығында мал басы тұрақты өсіп келеді. Егін шаруашылығында күріш, жоңышқа, бақша дақылдары егілді, өнім ысырапсыз жиналды.

бағытындағы автотомобиль жолы күрделі жөндеуден өтті. Көшелер жарықтандырылды.

Газдандыру бойынша орамшілік газ желілерінің жобасы дайын, қаржыландыру көздері айқындалды. 2026 жылы Бекарыстан би аулын газдандыруға республикалық бюджеттен 300 млн. теңге бөлінді.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар нәтижелі болды ма?

– Әрине. Ауыл тазалығы – ортақ жауапкершілік. Апта сайын сенбіліктер өткізіліп, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде «Майдакөл» ауылдық округі экологиялық акцияда II дәрежелі диплом мен 5 млн теңге сертификатына ие болды.

– Сөз соңында алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

– Алда тұрған міндеттер аз емес. №24 мектептің жаңа ғимаратын салу, газдандыру жобасын жүзеге асыру, электр желілерін жаңғырту, көшелерді жөндеу, кәсіпкерлікті дамыту – басты бағыттарымыз.

Ең бастысы – ауыл халқының әл-ауқатын арттыру. Бұл жолда тұрғындармен бірлесе жұмыс істей береміз.

– Уақытыңызды бөліп, мазмұнды сұхбат бергеніңізге рахмет!

– Сіздерге де рахмет. Ауылымыздың дамуы – баршамызға ортақ мақсат.

**Әңгімелескен,
Ұлпан
ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**



жұмысқа, 5 жас – жастар тәжірибесіне, 4 адам – «Күміс жас» жобасымен, 7 адам – әлеуметтік жұмыс орындарына, 9 адам – ұлттық жоба аясында жұмысқа жіберілді.

Сонымен қатар, «Бастау Бизнес» жобасы арқылы 17 тұрғын кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды.

шара өткізіліп, 5460 көрермен қамтылды. 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс!» атты тағылымды шара жоғары деңгейде өтті.

Ауылдағы жасанды спорт алаңы жөнделіп, ұлттық спорт түрлерінен, футбол мен

– Инфрақұрылым: жол, жарық, газ мәселесі тұрғындарды алаңдататыны белгілі. Аталған салаларда атқарылған жұмыстарды атап өтсеңіз?

– Бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылды. «Қазалы-Бекарыстан би»

● Хабарландыру

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшыларының азаматтарды қабылдау күндерінің кестесі

№	Аты-жөні, тегі, лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мекен жайы, жұмыс телефоны
1	М.Ршымбетова, басқарма басшысы	сәрсенбі	сағат 16.00-18.30	Әйтеке би кенті Жалаңтөс батыр көшесі, №42. 8(72438) 21-5-18
2	А.Есенеева, басқарма басшысының орынбасары	бейсенбі	сағат 16.00-18.30	Әйтеке би кенті Жалаңтөс батыр көшесі, №42. 8(72438) 21-5-18

Дни приема граждан руководителями Казалинского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля

№	Ф.И.О. должность	Дни приема граждан	Время приема граждан	Адрес, рабочие телефоны
1	М.Ршымбетова, руководитель управления	среда	час 16.00-18.30	кент Айтеке би, ул. Жалантос батыр №42. 8(72438) 21-5-18
2	А.Есенеева, заместитель руководителя	четверг	час 16.00-18.30	кент Айтеке би, ул. Жалантос батыр №42. 8(72438) 21-5-18

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының «Сенім телефоны»

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны
1	ҚР ДСМ СЭББ, Қызылорда облысы СЭББ, Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	8(72438) 21-5-18

«Телефон доверия» управления санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района

№	Наименование органа	Телефон доверия
1	Республиканское государственное учреждение «Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Кызылординской области комитета санитарно-эпидемиологического контроля МЗРК	8(72438) 21-5-18

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының «Ашық есік күндерін» өткізу кестесі

№	Мекеменің атауы	Өткізу күні мен уақыты	Өткізу орны
1	Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	Әр айдың соңғы жұмасы сағат: 9.00-18.00	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр көшесі, №42 үй

График проведения «Дня открытых дверей» управления санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района

№	Наименование органа	Дни время проведения	Место проведения
1	Управление санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района	Последняя пятница месяца с 9.00 до 18.00 ч.	кент Айтеке би, ул. Жалантос батыра №42

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСТЕ САҚТАҒАН ЖӨН

Өрт-әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін бәрі бірдей біле бермейді. Тіпті «101» өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда Сізге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңестердің бірі - ешқашан дүрбелең болмаңыз!

Бірінші кезекте тұрғын үй секторындағы өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

- отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және тағы басқа);

- электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы, пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

- балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және тағы басқа, сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнауы);

- өртеу, өрт жіберу. Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112»

телефондарына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

- өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз;

- өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

- тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарап, 2 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

- тек зауытта жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

- үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

- жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

- әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см-ден кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

«БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны	Мекен – жайы	Байланыс телефоны
Өтеп-Әлі Өміртай Жалғасұлы	«Бірлік» ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі күні: Сағат 09:00 – 13:00 - ге дейін, Сәрсенбі күні: Сағат 15:00 – 19:00 - ге дейін, Жұма күні: Сағат 09:00 – 13:00, 15:00-19:00 - ге дейін	«Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округі, «Бірлік» ауылы, Тәуелсіздік көшесі, №13 «А»	25-3-14

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханааның мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.